



# Қазыналы өңір

ГАЗЕТ 2000 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

30 мамыр СЕНБІ 2026 ЖЫЛ №20 (1308)

## Аймақ дамуы

# Қаражал–Жәйрем өңіріндегі инвестициялық серпін: индустрия, қайта өңдеу және жаңа экономикалық мүмкіндік

**Қаражал мен Жәйрем өңірі соңғы жылдары Ұлытау облысының индустриялық және инвестициялық даму картасындағы маңызды нүктелердің біріне айналып келеді. Әсіресе, тау-кен өндірісі, қайта өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен және инфрақұрылым салаларындағы жаңа жобалар өңір экономикасының құрылымын жаңғыртуға бағытталған.**

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Ұлытау облысы әкімдігі жариялаған мәліметтерге сәйкес, аймақта инвестициялық белсенділік айтарлықтай артқан. 2025 жылдың қорытындысында облысқа тартылған инвестиция көлемі 260 миллиард теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 103,4%-ды құрады. Ал 2026 жылдың алғашқы тоқсанында бұл көрсеткіш 1,7 есеге өсіп, 40,6 млрд теңгеге жеткен. Бұл – өңірдің экономикалық әлеуетіне деген сенімнің күшейгенін көрсетеді.

Қаражал мен Жәйрем тарихи тұрғыдан тау-кен өндірісімен танылған өңірлер. Бүгінде бұл бағыт тек шикізат өндірумен шектелмей, терең қайта өңдеу мен индустриялық артаратандыру кезеңіне өтуде. Соның нақты мысалы – Жәйрем кентінде жоспарланып отырған барит қалдықтарын өңдеу кешені.

Аталған жобаны Central Asia Mining Tech компаниясы жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Жобаның жалпы құны – 1 млн АҚШ доллары. Қазіргі таңда 4 гектар жер



учаскесін бөлу, экологиялық талаптарды келісу және рұқсат құжаттарын рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұл жобаның ерекшелігі – өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу арқылы экологиялық жүктемесін азайтып қана қоймай, жаңа экономикалық айналым қалыптастыруында. Жәйремдегі кен байыту өндірістерінен қалған барит қалдықтары қайта өңделіп, өнеркәсіпте қайта пайдаланылатын өнімге айналмақ. Мұндай тәсіл «жасыл экономика» қағидаттарына сәйкес келеді.

Өңірдің дамуына серпін беретін негізгі бастамалардың бірі – Сәтбаев индустриялық аймағы. Жалпы аумағы 12 гектарды құрайтын индустриялық аймақ болашақта

50 гектарға дейін кеңейтіледі. Бұл аймақта резеңке жабындылар өндіру, құрылыс материалдарын шығару, мойынтірек өндірісі, шыныпакет жасау, қоймалық логистикасы секілді өндірістерді іске қосуға қызығушылық білдірген инвесторлар бар. Қазіргі уақытта аталған аймақта электр, су, жылу және көріз желілерін тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Болашақта газбен камтамасыз ету мәселесі де қарастырылуда.

Бұл жобалардың Қаражал–Жәйрем өңіріне де жанама әсері зор. Себебі, өнеркәсіптік белсенділіктің артуы логистика, құрылыс, қызмет көрсету және шағын бизнес салаларының дамуына ықпал етеді.

→ 4 бет.

## ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді ұлттық мақтанышымыз бен егемендігіміздің айнымас белгісі – Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік рәміздер – бұл жай ғана белгілер емес, бұл – бабалар арманының орындалғанын наші ететін, азаттығымыздың айбынды айғағы. Ұлттық бірлігімізді бекемдеп, бойымыздағы отанышылдық рухты асқақтататын бұл айтулы мерекенің ел тарихындағы орны ерекше.

Көк туымыз, айбынды Елтаңбамыз бен асқақ Әнұранымыз – қазақ халқының қастерлі құндылықтарын, бай тарихы мен жарқын болашаққа деген сенімін өз бойына сыйдырған бойтұмарымыз. Отанға деген шексіз махаббат пен шынайы патриотизм дәл осы рәміздерді қадірлеуден, оларды жүрек төрінде ұстаудан басталады.

Біз – ортақ шаңырақ астында татулықты ту еткен Қазақстан халқымыз. Осындай құтты мекеннің азаматы болу, егемен елдің дамуына үлес қосу – әрқайсымыз үшін зор мәртебе әрі үлкен бақыт. Бұл мақтаныш сезімін біз келешек ұрпақтың санасына сіңіріп, аманат етіп қалдыруға тиіспіз.

Құрметті жерлестер!

Егемендігіміздің тұғыры болып табылатын мемлекеттік рәміздеріміз бізді жаңа белестер мен ұлы істерге жетелей берсін! Еліміздің іргесі берік, аспаны әрдайым ашық болсын! Әр шаңыраққа құт-береке, амандық пен сарқылмас қуаныш тілейміз. Көк байрағымыз бейбіт аспанда мәңгі желбіреп, еліміздің мәртебесі биіктей берсін!

**Айқын ЕЛЕУСІЗОВ,**  
Қаражал қаласының әкімі,  
Зәмзағұл ОСПАНОВА,  
қалалық мәслихат төрағасы.

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ГОРОДА!

Поздравляем вас с Днем государственных символов Республики Казахстан, которые являются нашей национальной гордостью и неизблемым символом суверенитета!

Государственные символы - это не просто знаки, а важнейшие атрибуты независимости, отражающие многовековую историю, стремление к свободе и единству народа. Этот праздник, укрепляющий национальное самосознание и патриотический дух, занимает особое место в жизни нашей страны.

Государственные Флаг, Герб и Гимн - священные ценности народа Казахстана, вобравшие в себя богатое историческое наследие и устремленность в будущее. Уважение к государственным символам - основа патриотизма и любви к Родине.

Мы - единый народ Казахстана, сплоченный под единым шаңыраком и считающий мир главной ценностью. Быть гражданином нашей страны, вносить вклад в ее развитие - большая честь и ответственность для каждого из нас. Эти ценности важно передавать подрастающему поколению.

Уважаемые земляки!

Пусть государственные символы всегда вдохновляют нас на новые достижения и служат прочной основой единства и процветания страны. Пусть в нашей стране царят мир, согласие и стабильность!

Желаем каждому дому благополучия, здоровья и достатка! Пусть над Казахстаном всегда будет мирное и ясное небо, а авторитет нашей страны укрепляется и растет!

**Айқын ЕЛЕУСІЗОВ,**  
аким города Каражал.  
**Зәмзағұл ОСПАНОВА,**  
председатель городского маслихата.

## Құрметті қала тұрғындары, қадірлі ата-аналар! Аяулы, балғын бүлдіршіндер!

Баршаңызды жаймауыңақ жаздың алғашқы күнімен қатар келетін ең жарқын, ең қайырымды мереке – 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіз еліміздің кемел келешегі саналған балғын бөбектеріміздің бұл мейрамы – әрбір отбасы, барша ата-ана үшін ортақ қуаныш. Бала – біздің үкілі үмітіміз, жарқын болашағымыз бен өміріміздің мәні.

«Барым – балам үшін» деп өмір сүрген халқымыз үшін көздің қарашығындай болған бүлдіршіндердің бейбіт аспан астында, қауіпсіз қоғамда өмір сүруі, әр күнін шаттыққа толы өткізуі – бүгінгі аға буын мен мемлекеттің алдында тұрған ең басты міндет.

Осы асқақ мақсат жолында өңірімізде балабақша мен мектеп қабырғасында, мектептен тыс уақытта да балалардың тиісті күтім мен қамқорлық көруіне, олардың шығармашылығын шыңдап, сапалы білім алуына барлық мүмкіндіктер жасалуда. Жеткіншектердің бойындағы табиғи дарынды ашу, оларға қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру бағытындағы игі істер алдағы уақытта да ауқымды түрде жалғасын таба береді.

Бүгінгі күні ауданымыздың намысын түрлі білім бәйгелерінде, спорттық және мәдени шараларда қорғап, биік белестерді бағындырып жүрген дарынды ұл-қыздарымыз – біздің үлкен мақтанышымыз!

Қымбатты балалар!

Әрбір ата-ана үшін, біз үшін бұл өмірдің ең үлкен бақыты – сендердің риясыз күлкілерің мен бақытты жүздеріңді көру. Дендерің сау, аспандарың ашық болсын! Отбасы жылынан басталған бақытты балалық шақтарың сендерді Отанның адал, білімді әрі парасатты азаматы болуға жетелесін. Болашақта еліміздің игілігіне қызмет ететін кемеңгер тұлға болып өсіңдер! Мереке құтты болсын!

**Айқын ЕЛЕУСІЗОВ,**  
Қаражал қаласының әкімі.

**Зәмзағұл ОСПАНОВА,**  
қалалық мәслихат  
төрағасы.

## Уважаемые жители города, дорогие родители, наши любимые дети и представители подрастающего поколения!

От всего сердца поздравляем вас с самым ярким и добрым праздником, который приходит вместе с первым днем лучезарного лета - Международным днем защиты детей!

Этот праздник, посвященный нашим детям - светлому будущему независимой страны - является общей радостью для каждой семьи и каждого родителя. Дети - наша главная надежда, наше будущее и смысл нашей жизни. Наш народ испокон веков живет по принципу «Все лучшее - детям». И сегодня одной из важнейших задач государства и старшего поколения является обеспечение того, чтобы дети росли под мирным небом, в безопасном обществе и радовались каждому дню.

В нашем регионе создаются все необходимые условия для того, чтобы в детских садах, школах и во внеурочное время дети были окружены заботой и вниманием, могли развивать свои способности и получать качественное образование. Работа, направленная на раскрытие природных талантов подрастающего поколения и создание безопасной и комфортной среды, будет последовательно продолжаться и в будущем.

Наши талантливые дети, достойно представляющие регион на интеллектуальных олимпиадах, спортивных и культурных мероприятиях и покоряющие новые вершины - наша особая гордость.

Дорогие ребята!

Самое большое счастье для родителей и для всех нас - видеть ваши искренние улыбки и счастливые лица. Пусть ваше здоровье будет крепким, а небо над головой - всегда мирным и ясным!

Пусть счастливое детство, согретое теплом родного дома, вдохновит вас стать честными, образованными и достойными гражданами нашей Родины. Желаем вам вырасти сильными личностями и в будущем трудиться на благо и процветание нашей страны!

С праздником!

**Айқын ЕЛЕУСІЗОВ,**  
аким города Каражал.

**Зәмзағұл ОСПАНОВА,**  
председатель городского маслихата.

## Мерекешуағы

Шынайы руханият  
майталмандары ұлықталды

Сәулеш Баймухамбетова – Жәйрем кенті мәдени-сауық орталығының шаруашылық меңгерушісі мен Назира Асанова – «Қаражал қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ директорының орынбасары иеленді.

Бұл күн заманауи үрдістерді шебер меңгерген, креативті ойлайтын жас мамандар мен көптің сүйіспеншілігіне бөленген өнер ұжымдарының да мерейін үстем етті. Облыс әкімі Дастан Рыспековтың сыйлығы «Креативті маман» арнайы номинациясымен Жәйрем кенті мәдени-сауық орталығының көркемдік жетекшісі Бағлан Болатова ерекше аталымын иеленіп, мәдениет саласындағы жаңашыл бағыттардың көшбасшысы екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, «Демалыс уақытын үздік

**Мәдениет пен өнер – ұлттың жан дүниесі, оның өткені мен болашағын сабақтастыратын алтын көпір және мемлекеттің рухани діңгегі. Халықтың рухани келбеті мен ішкі мәдениеті – ұлттық бірегейліктің ең басты әрі айнымас көрсеткіші болып табылады. Ғасырлар бойы бабалардан мұра болып қалған, уақыт сынынан өткен бай мәдени жәдігерлеріміз бен салт-дәстүрлерімізді көздің қарашығындай қорғап, оны заманауи үлгіде жас ұрпақтың санасына сіңіруде мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің қосып жатқан үлесі мен атқарып отырған рөлі орасан зор. Олар – ұлттық кодты сақтаушы шынайы руханият майталмандары.**

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Осы орайда, қазақ шежіресінің алтын діңгегі, тарих пен мәдениеттің қасиетті бесігі саналатын Ұлытау облысында мәдениет қызметкерлері күні жоғары деңгейде, ерекше салтанатпен атап өтілді. Айтулы шара аясын-



да өңірдің рухани өмірін өрге сүйреп, мәдениеттің туын тігіп жүрген білікті де тәжірибелі мамандар ерекше құрметке бөленіп, марапат төрлерінен көрінді. Салтанатты жиында әсіресе, Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінің мәдениет майталмандары айрықша көзге түсіп, өздерінің ерен еңбектерінің арқасында облыс басшылығы тарапынан жоғары марапаттарға ие болды.

Сын сағаттарда, жауапты кезеңдерде өзінің кәсіби шеберлігімен және ерен еңбегімен дараланған бірқатар сала мамандары аймақтың ең басты марапаттарын қанжығасына байлады. Ұлытау облысының Құрмет грамотасымен Тлеухор Байшукенова – «Қаражал қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ директоры мен Хапан Хизатхан – мәдени-сауық орталығының домбыра және ұлттық аспаптар үйірмесінің жетекшісі марапатталса, Ұлытау облысы әкімінің Алғыс хатын

ұйымдастырушы» номинациясы Жәйрем кенті мәдени-сауық орталығының әдіскері, халықтың ықыласына бөленген, аймаққа танымал «Асыл әже - ғасыр әже» ансамблінің жетекшісі Гаухар Нұрланова жеңіске жетіп, көп жылғы қажырлы еңбегі еленді. Облыс әкімі сыйлығының иегерлеріне бір миллион теңге көлеміндегі ірі ақшалай ұтқы сертификатты салтанатты түрде табыс етілді.

Қаражал өңірінің абыройын асырып, аймақтың руханият майданында аянбай тер төгіп жүрген барша мәдениет және өнер қызметкерлерін осынау лайықты әрі айтулы марапаттарымен шын жүректен құттықтаймыз. Ерен еңбектеріңіз жана берсін, шығармашылық шабыттарыңыз ешқашан сарқылмасын. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған мәдениет майталмандарының жолы әрқашан ашық, ал алар асулары мен бағындырар белестері биік болғай!

## Қоғам

Өткен аптада «АМАНАТ» партиясы Ұлытау облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Мырзабеков жұмыс сапарымен Қаражал қаласына келді.

«АМАНАТ»  
партиясымен бірге –  
үлкен қадамдарға

Жұмыс сапарының ауқымды бағдарламасында партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әзірленген Жол картасындағы құрылыс нысандарын аралау («Хоккей корты», «Станционный» ықшам ауданындағы мектеп ғимараты, жұқпалы аурулар бөлімінің ғимараты), Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінде тұрғындарды жеке сұрақтарымен қабылдау, Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінде салтанатты түрде партиялық билеттерді табыстау рәсімі, мадақтамалар мен Алғыс хаттарды табыстау рәсімі, БПҰ төрағаларымен, депутаттармен, белсенді партия мүшелерімен кездесу, «Марганец Жайрема» АҚ кәсіпорын басшылығымен және ұжым өкілдерімен кездесу, БПҰ ашу салтанатты рәсімі сынды Қаражал-Жәйрем аумағында жоспарланған іс-шаралардың бәрі ойдағыдай өтті.

Қалалық филиалдың ұсынысымен, партия қатарындағы белсенді тұлғалардың қолдауымен ұйымдастырылған 2 көрме тамашаланды. Олар «Кедергісіз келешек» партиялық Жобасы аясында «Балбөбек» бөбекжайының ерекше күтімді қажет ететін тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірге әзірлеген қолөнер туындыларының көрмесі және «Кітап аманат» партиялық Жобасы аясында орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастырған кітап көрмесі болды.

«Марганец Жайрема» АҚ кәсіпорын еңбек ұжымында мекемеге аттас БПҰ (бастауыш партия ұйымы) ашылып, кәсіпорын басшысы - Абай Нұрланов пен кәсіподақ ұйымының төрағасы Дінмұхамметғали Кәрібайға салтанатты түрде партиялық билеттер табысталды.

Өз тілшімізден.

## Білім ошақтарында

**Мектеп – әр адамның өміріндегі ең ыстық, ең маңызды кезеңдерінің бірі. Әр адамның жүрегінде мектепке деген сағыныш пен ыстық естелік мәңгі сақталады. Ал соңғы қоңырау сол балалық шақтың соңғы парағын жауып, үлкен өмірге жол ашатын ерекше күн. 25 мамырда қаладағы барлық мектептерде жас түлектер үшін соңғы қоңырау соғылды. Бұл күн түлектер үшін жаңа арман мен жаңа мақсатқа бастайтын жол. «Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел болашағы» деген ұстаным бұл күні ерекше мәнге ие болды.**

Биыл Қаражал қаласы мен Жәйрем кенті бойынша 11 сыныпты 191 оқушы мектеп бітіруде. Оның ішінде, Қаражал қаласында 89 жас түлек болса, ал Жәйрем кентінде 102 жас түлек үлкен өмір жолына жолдама алғалы отыр. Сонымен қатар,



биыл 9 сыныпты 325 оқушы аяқтауда. Оқу жетістіктері бойынша жақсы көрсеткіштер байқалады. Атап айтқанда, 2025-2026 оқу

жылының қорытындысы бойынша 11 сыныпта 13 оқушы «Алтын белгіге», 13 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер. Ал 9 сынып-

## Мектебім, саған мың алғыс!

та 26 оқушы «Қызыл аттестатқа» үміткер ретінде тіркелген. Бұл білім сапасының артып келе жатқанын көрсететін маңызды нәтиже.

Салтанатты жиындар барысында ұстаздар, ата-аналар түлектерге ақ жол тілеп, жылы лебіздерін білдіріп, болашақ өмір жолына сәттілік тіледі. Оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, ән мен жырдан шашу шашып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Биылғы салтанатты іс-шаралар ерекше әсерге толы сәттерімен есте қалды. Әр жас түлек үшін мектеп бітіру өміріндегі ең маңызды әрі есте қаларлық сәттердің бірі. Енді оларды алда жаңа мақсаттар, жаңа армандар және үлкен жауапкершілік күтіп тұр.

Ақбота САЖИНОВА,  
Е.А.Бөкетов атындағы  
ҚарҰЗУ-інің  
2 курс студенті.

Президент Жолдауы – сенімге серпін

# Жастар күші – ел ертеңі

*Кез келген мемлекеттің басты байлығы да, қозғаушы күші де – оның халқы, ал сол халықтың болашағын айқындайтын – жастар. «Жастық шақ – өмірдің көктемі» дейтін болсақ, сол көктемде егілген дән ертеңгі күні еліміздің бақуатты болашағы болып өнбек.*

Бүгінгі таңда Қазақстанның жас буыны – тек үміт артар ертеңі ғана емес, бүгінгі күннің де басты қозғаушы күшіне айналып үлгерді. Қазіргі жастар – ақпараттық технологиялар заманында туып-өскен, ой-өрісі кең, креативті және еркін ойлы буын. Олар әлемдік үрдістерді жылдам меңгеріп, жаңалықтарды өмірге енгізуге құштар.

Жастар күші тек біліммен ғана шектелмейді, ол – үлкен әлеуметтік жауапкершілік. Соңғы жылдары елімізде еріктілер (волонтерлер) қозғалысының ерекше серпін алғаны байқалады. Ел ертеңін ойлаған жас, алдымен өз ортасына, содан кейін мемлекетіне пайдасын тигізуге ұмтылады. Төтенше жағдайларда алғашқылардың бірі болып көмекке ұмтылатын, экологиялық акцияларды ұйымдастыратын, мұқтаж жандарға қол ұшын созатын да – осы белсенді жастар. Бұл олардың бойындағы отансүйгіштік пен шынайы азаматтық позицияның көрінісі.

Мемлекетіміздің тұғырының биік, керегесінің кең болуы – тікелей жастардың еңбегі мен ізденісіне байланысты. Ұлы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын». Ендеше, жастарға сенім арту,



олардың бойындағы күш-жігерді дұрыс арнаға бағыттау – мемлекеттің де, қоғамның да басты міндеті.

Ел ертеңінің кілтін ұстаған бүгінгі жас буын өз жауапкершілігін терең сезініп, білімі мен қайратын Отан игілігіне жұмсай бермек. Өйткені, жастардың күші – Қазақстанның жарқын болашағының кепілі.

**Шыңғыс САҒЫНДЫҚ,**  
**«Қаражал қаласы жастар ресурстық орталығы» КММ директоры.**

Развитие региона

*В круглосуточном режиме ведется строительство железнодорожной линии «Мойынты – Кызылжар», пролегающей в непосредственной близости от города Каражал. Согласно графику, ее ввод в постоянную эксплуатацию запланирован в текущем году.*

## Рельсы, рельсы, шпалы, шпалы...

По информации пресс-службы Министерства транспорта РК, активно продолжается строительство новой железнодорожной линии «Мойынты – Кызылжар». Это один из ключевых инфраструктурных проектов страны, реализуемый в рамках развития Транскаспийского международного транспортного маршрута.

Как отмечается в официальном сообщении ведомства, общая протяженность линии составляет более 300 километров. Она соединит станции Мойынты и Кызылжар, проходя по территории двух областей – Ұлытау и Карагандинской.

Участок является ключевой частью Транскаспийского международного транспортного маршрута. Запуск новой линии сократит расстояние грузоперевозок на 149 километров, разгрузит участок Мойынты-Жарык, повысит скорость движения

контейнерных поездов и увеличит экспортно-транзитные возможности Казахстана, – сообщили в пресс-службе.

На сегодняшний день основные земляные работы выполнены более чем на 90%. Укладка рельсошпальной решетки завершена на 40%. Работы по строительству и монтажу искусственных сооружений – мостов, труб, путепроводов и скотопрогонов – выполнены более чем на 65%.

В реализации проекта задействованы более десяти субподрядных организаций. На объекте работают свыше 1700 специалистов и более 670 единиц техники.

Ход строительства находится под постоянным контролем Правительства Республики Казахстан, – подчеркнули в пресс-службе.

соб. инф.



31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

# Тарих тағылымы – ұлт жадындағы жазылмас жара

*31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл – қазақ халқының XX ғасырдағы ең қасіретті кезеңдерін еске алып, жазықсыз жапа шеккен боздақтардың рухына тағзым ететін күн. Ұлт тарихындағы нәубет жылдарды ұмытпау – тек өткенге құрмет емес, болашақ алдындағы жауапкершілік.*

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы үндеулерінің бірінде: «Тоталитаризмнен зардап шеккен көптеген ұлт өкілдері үшін қазақ жері құтты мекенге айналды. Ата-бабаларымыздан дарыған қайсарлық пен төзімділіктің арқасында қатаң сыннан абыроймен өтіп, біртұтас ұлт ретінде бірігуге мүмкіндік алдық», – деп атап өткен болатын. Бұл сөздер халқымыздың тарихи жады мен рухани беріктігінің маңызын айқын көрсетеді.

**Қуғын-сүргін: ұлт зиялыларын жою саясаты**  
Кеңестік тоталитарлық жүйенің қазақ халқына қарсы жүргізген саясатының ең ауыр көріністерінің бірі – саяси қуғын-сүргін болды. 1930–1950 жылдары Қазақстан аумағында 100 мыңнан



астам адам қуғындалып, 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Әсіресе, 1937–1938 жылдар «Үлкен террор» кезеңі ретінде тарихта қалды.

Сол зұлматта қазақтың бетке ұстар зиялылары – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сынды арыстар халық жауы атанып, жазықсыз жазаға ұшырады. Кеңестік биліктің түпкі мақсаты – ұлттың рухани тірегін әлсірету, азат ойлы азаматтарды жою еді.

Қазақстан аумағында Карлаг, Степлаг, АЛЖИР секілді ла-

герьерлер құрылып, онда миллиондаған адам азап шекті. Әсіресе, «халық жауларының әйелдері» атанған мыңдаған аналардың тағдыры – адамзат тарихындағы ең ауыр трагедиялардың бірі.

**Ашаршылық: қолдан жасалған қасірет**

Қазақ халқы XX ғасырда екі бірдей алапат ашаршылықты бастан өткерді. 1919–1922 жылдардағы алғашқы аштық азамат соғысы, азық-түлік саясаты және індеттердің салдарынан туындаса, 1930–1933 жылдардағы нәубет – кеңестік ұжымдастыру саясатының тікелей салдары болды.

Тарихшылардың деректеріне сүйенсек, 1930–1933 жылдары 1,5–2 миллионнан астам қазақ қырылған. Кейбір зерттеулер қазақ халқының жартысына жуығы аштықтан көз жұмғанын көрсетеді. Бұл – демографиялық апат қана емес, ұлттық құрылымға ауыр соққы болды.

Мал-мүлкінен айырылған халық босып кетті. Мыңдаған отбасы Қытайға, Моңғолияға, Өзбекстанға, Ресейге ауа көшті. Дәстүрлі көшпелі өмір салты күйреп, халықтың әлеуметтік және мәдени болмысы өзгеріске ұшырады.

Аштық тек экономикалық апат емес, рухани трагедияға ай-

налды. Ата-анасынан айырылған балалар, босқынға айналған отбасылар, тұтас өулеттердің жойылуы халық жадында мәңгі сақталды.

**Өткенді ұмытпау – болашақ алдындағы парыз**

Тәуелсіз Қазақстан саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ісіне ерекше мән беріп келеді. 1993 жылы қабылданған «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң – тарихи әділеттілікті қалпына келтірудегі маңызды қадам болды. Кейінгі жылдары Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, көптеген архивтік құжаттар қайта зерттелді. Бұл жұмыстар ұлт тарихындағы ақтандақтарды ашуға мүмкіндік берді.

Тарихтағы зұлмат жылдарды есте сақтау – ұлттың санасын жаңғыртудың маңызды бөлігі. Қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу арқылы біз тәуелсіздіктің қадірін терең түсінеміз. Бүгінгі бейбіт өмір мен егемендік – миллиондаған боздақтардың құрбандығы мен халқымыздың төзімінің жемісі. Сондықтан, жас ұрпақ тарихты білуі, одан тағылым алуы тиіс. Өткеннің қасіретін ұмытқан халықтың болашағы бұлыңғыр болмақ. 31 мамыр – тек аза тұту күні емес. Бұл – ұлттық жадыны жаңғыртып, ел бірлігі мен тәуелсіздіктің құнын ұғындыратын тағылым күні.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қаражал–Жәйрем аймағы тек өндірістік емес, аграрлық әлеуетімен де ерекшеленеді. Өңірде суармалы егіншілік пен мал шаруашылығын дамытуға бағытталған бірнеше ірі жоба жүзеге асырылуда. Соның ішінде «Жәйрем» СПК-нің 300 гектар аумақта мал азықтық дақылдар мен картоп өсіру жобасы да бар. Жалпы, облыс көлемінде суармалы алқап жобасы, асыл тұқымды мал өсіру және бордақылау кешендері сияқты ірі агро жобалар да бар. Бұлардың бәрі өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған.

Бұл бастамалар ауылдық жерлерде тұрақты жұмыспен қамтуды арттырып, көші-қон деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, су үнемдеу технологияларын енгізу климаттық тәуекелдерді азайтуға көмектеседі.

Өңірдегі маңызды мәселелердің бірі – тұрғын үй қорының тозуы. Облыс бойынша 457 тозығы жеткен және 63 апатты тұрғын үй анықталған. Оның ішінде Қаражал қаласында 7 апатты үй тіркелген.

Осыған байланысты тұрғын үй қорын реновациялаудың бірыңғай бағдарламасы әзірленіп, мәслихат қарауына ұсынылды. Бұл бағдарлама ескі тұрғын үйлерді кезең-кезеңімен жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Осы жұмыстарды жүйелі жүргізу мақсатында Ұлытау облысы Қытай инвесторларымен байланысын күшейтіп келеді. 2026 жылы Сиань қаласында өткен форум аясында жалпы құны 12,5

# Қаражал–Жәйрем өңіріндегі инвестициялық серпін:

## индустрия, қайта өңдеу және жаңа экономикалық мүмкіндік



млрд теңгені құрайтын алты меморандумға қол қойылды. Әсіресе, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мен металлургиялық

қалдықтарды қайта өңдеу бағытындағы жобалар Қаражал–Жәйрем өңірі үшін маңызды. Сондай-ақ, Қытай компанияларының Жезқазған мен Сәтбаев

қалаларындағы тұрғын үйлерді реновациялау жобаларына қатысуы өңірге халықаралық тәжірибе мен жаңа технологиялардың келуіне жол ашады.

Сайып келгенде, Қаражал–Жәйрем өңірі Ұлытау облысының жаңа индустриялық тіректерінің біріне айналу мүмкіндігіне ие. Тау-кен өндірісінен бастап қайта өңдеу, агроөнеркәсіп, логистика және реновация салаларына дейінгі жобалар аймақ экономикасын кешенді дамытуға бағытталған. Егер жоспарланған инвестициялық жобалар толық іске асса жаңа жұмыс орындары ашылады, өнеркәсіптік өндіріс көлемі артады, шағын және орта бизнес дамиды, өңірдің инфрақұрылымы жаңарады, халықтың өмір сүру сапасы жақсарады.

Бастысы – басталған жобалардың жүйелі жалғасуы, тиімді қаржыландырылуы және инвесторлар үшін тұрақты әрі ашық орта қалыптастыру. Осындай жағдайда Қаражал мен Жәйрем алдағы жылдары Ұлытау облысының экономикалық өсім драйверлерінің біріне айналуы әбден мүмкін.

### В очаге производства

...окончание. Начало в № 19 от 23.05.2026 г.

Как информировало ранее издание «Қазыналы өңір», на минувшей неделе руководство областной Палаты предпринимателей посетили промышленные площадки Каражал-Жайремского региона.

Первым объектом стало Представительство «Оркен-Атасу» ТОО «Оркен». Гостей встречали директор градообразующего предприятия Нуртай Омаров и советник генерального директора ТОО «Оркен» Маратбек Бакенов.

Они озвучили основные показатели – объемы добычи и отгрузки железной руды, отметив, что основным потребителем является металлургический комбинат (стальной департамент АО «Qatmet»), рассказали о планах на перспективу, реализации социальных проектов. В числе последних – приобретение оборудования для трансформаторной подстанции, спецтехники для Горкомхоза, восстановление многоэтажных домов, строительство парка им. Д. Кунаева, выплата надбавок в размере 200 тысяч тенге ежемесячно (до конца года) пятерым медикам Центральной больницы города Каражал.

Как было подчеркнуто, 100 процентов работников Представительства – жители города. Соответственно, социальная политика компании нацелена на развитие города своего присутствия. Тем более, что АО «Qatmet» делает большую ставку на предприятие. Как подчеркнул Маратбек Бакенов, у Каражала – большое будущее. Об этом говорят цифры: разведанные запасы железной руды составляют 500 миллионов тонн, марганцевой – 300 млн. Это гарантирует деятельность предприятия на несколько десятилетий. А потому оно развивается, набирая новые мощи. Так, в настоящее время полным ходом идет строительство нижележащего горизонта с расчетом на то, что в 2027-2028 годах пойдет первая руда, новой фабрики по обогащению марганцевой руды. И это лишь малая часть проектов, реализуемых на каражалской площадке, которой предстоит стать рудником мирового уровня.

Но, как говорится, лучше один раз увидеть. Для гостей города руководство Представительства организовало обзорную экскурсию по промышленной площадке, показав, где находится шахта, основные и вспомогательные цехи. Также они посетили обогатитель-

## Лучше один раз увидеть



ную фабрику, где ознакомились с производственными процессами.

Представителей областного филиала НПП «Атамекен» интересовало, как решается вопрос с обеспечением кадрами, взаимодействует ли предприятие с местным колледжем. Директор Палаты предпринимателей области Ұлытау Гүльмира Каженова уточнила, сотрудничает ли Представительство с местными товаропроизводителями. Например, с предприятиями легкой промышленности, которые могли бы обеспечить работников качественными спецодеждой и средствами индивидуальной защиты.

Об этом же шла речь и при посещении ТОО «Bertys Konstruktion». Это предприятие горноперерабатывающей промышленности, специализирующееся на выпуске баритового концентрата, добываемого на карьере «Кентобе» ТОО «Orda Group». Получаемая продукция отгружается потребителям Казахстана, России, Туркменистана и Азербайджана (баритовый концентрат – незаменимый материал для отрасли добычи нефти и газа, а также для геологоразведки).

Кроме того, в программу визита входило посещение ТОО «Жайремский горно-обогатительный комбинат», которое является одним из крупнейших комбинатов Казахстана.

В этот же день в фойе культурно-досугового центра города Каражал прошла выставка, где представили

результаты своих трудов участники и финалисты проекта «Одно село – один продукт». Это – ИП «Laura Lauovna», ИП «Qurmet usta», ИП «Куатова», ИП «Шакенова», ИП «Жиренбаев», ИП «Науkenova Айсулу», а также Абай Аскеров и Асел Махышева.

Семья Лауры Абилюдиной сделала ставку на мясную продукцию. Качество и вкус – составляющие успеха и репутации этого небольшого, но стабильно производящего. Помимо мяса говядины, конины, казы ИП реализует мясо для шашлыка, курицу-гриль, стейки из говядины, копченый курдюк и многое другое. Сейчас Лаура изучает спрос на коллаген из костного бульона.

- Цех есть. Необходимо оказать помощь в сертификации продукции в органах СЭС для получения паспорта безопасности, - уточнила Гүльмира Каженова.

Внимание Сакена Шаяхметова привлекли изделия ИП «Qurmet usta». Құрмет Ибрахимұлы, как известно каражалцам, начал в 2018 году с изготовления дверей и столов. Сейчас в его линейке продукции предметы из дерева, находящиеся, что называется, в тренде: часы, шежире, подставки для Корана и прочее. Слава о талантливом мастере разлетелась далеко за пределы нашего региона. Более того, предприниматель начал осваивать современные методы торговли – его предложения размещены на популярных в Казахстане маркетплейсах.

Абай Аскеров трудится на градообразующем предприятии, а в перерывах между сменами осваивает тонкости изготовления колбасы из говядины и мяса курицы. И надо сказать, получается очень вкусно – неподдельный интерес присутствующих вызвала колбаса с фисташками и сыром.

На ярмарке также были представлены изделия легкой промышленности, изготовленные местными мастерами, сувенирная и печатная продукция, а также IT-проект с очками виртуальной реальности, который успешно прошел апробацию в организациях образования.

Из фойе ҚДЦ делегация переместилась в Мраморный зал, где состоялась расширенная встреча с предпринимателями города.

- Я не понаслышке знаю о проблемах, с которыми сталкиваются многие предприниматели, пытающиеся работать с крупными субъектами бизнеса. После объезда городов и районов области планируется внесение предложений о реформировании работы в целом Палаты предпринимателей. Это касается всех, так как областьобразующие предприятия можно пересчитать по пальцам – два из трех крупных предприятия-недропользователя находятся в Каражал-Жайремском регионе. Это – АО «Qatmet» и ТОО «Казцинк». Мы стремимся к тому, чтобы взаимодействие между бизнесом и государством, между крупным и средним бизнесом,

средним и малым было правильно выстроено по всей этой цепочке.

Есть насущные проблемы, с которыми сталкиваются предприниматели во многих регионах. Это вопросы, связанные с акиматами, системой налогообложения, которая претерпевает не всегда понятные обычным людям изменения.

Я для себя ставлю задачу, в первую очередь, выслушать всех вас. И затем с вашими предложениями мы сможем выходить на все уровни, - обозначил свою позицию председатель Регионального совета Палаты предпринимателей области Ұлытау.

Так что же всерьез беспокоит каражалское бизнес-сообщество? Тревогу вызывает возможное повышение стоимости электроэнергии в условиях отсутствия модернизации электросетевой инфраструктуры. Как отметила Гүльмира Кузекбаева, на фоне государственной политики по сдерживанию инфляции рост тарифов без улучшения качества и надежности электроснабжения создает дополнительную нагрузку на бизнес, снижает его устойчивость и затрудняет дальнейшее развитие предпринимательства. Главным вопросом для бизнеса остается не само повышение тарифа, а качество предоставляемых услуг.

Еще один насущный вопрос – качество связи и нестабильная работа интернета. Перебои, а в Каражале это далеко не редкость, серьезно затрудняет ведение бизнеса: тормозит работа онлайн-касс, банковских операций, электронных государственных услуг и взаимодействие с поставщиками и клиентами. Отсюда вытекают задержки в расчетах, срывы сроков выполнения заказов и снижение доверия со стороны партнеров и потребителей. Ерлан Байтасов, поднявший эту проблему, подчеркнул, что особенно остро это ощущается в сфере торговли, услуг и малого бизнеса, где цифровые сервисы являются основой ежедневной деятельности.

Также были подняты вопросы расширения применения упрощенного налогового режима, удержания банками второго уровня комиссии в размере 1 процента при приеме оплаты по QR-код, которая существенно увеличивает финансовую нагрузку на бизнес и пр. Представители Палаты, в свою очередь, выслушав каждого, внесли свои предложения по поиску выхода из той или иной ситуации.

Еңбек адамы

**Еңбек адамы деген ұғымды қазіргі қоғам қалай түсінеді? Бұл сұрақтың жауабын бірге іздейік. Еңбек – адамзаттың бір бөлігі, адам өмірінің тынысы. «Еңбек ширатады, өмір үйретеді» деген қазақтың нақыл сөзі адам баласы үшін еңбек өмірдің мәні екенін ұғындырады. Қазіргі таңда «еңбек адамы» деген түсінік қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын және адал атқаратын ел адамы. Еліміздің дамуы мен өркендеуіне еңбек адамдарының қосатын үлесі орасан зор. Қазіргі таңда әртүрлі салада қызмет етіп жүрген еңбек адамдары аз емес.**

## Ел игілігі үшін тер төгіп жүрген азамат



Ел дамуының алтын діңгегіне айналған, маңдай терімен қоғамға пайдасын тигізіп жүрген, адал еңбекті өмірінің мәніне айналдырған еңбек адамының бірі - Қаражал қаласының тумасы, «Өркен-Атасу» ЖШС «Өркен» Әкілдігі «Подъем» участкесінің басшысы және «МФС Қаражал» жастар футбол командасының негізін қалаушы Жансая Сажиновтың өмірі мен еңбек жолы туралы әңгіме болмақ.

Жансая Рамазанұлы 1992 жылдың 24 тамызда Жезқазған облысы (қазіргі Ұлытау облысы), Қаражал қаласында дүниеге келді. 1999 жылдың қыргүйегінде Қаражал қаласының № 1 қазақ орта мектебінің табалдырығын атады. Бала кезінен білімге құштар, спортқа бейім, алғыр да зерек азамат болып өсті. Математика пәнін терең әрі өте үлкен қызығушылықпен оқыған. Қалалық, облыстық, республикалық

олимпиадалар мен жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленген. 2010 жылы мектепті үздік бітіріп, жоғары оқу орнының грант иегері атанады.

Мамандық таңдағанда Жансая әкесінің кәсіби жолын үлгі тұтып, әке жолын қууға бел буады. Әкесі Рамазан Сажинұлы ұзақ жылдар тау-кен өндірісінде адал қызмет еткен зейнеттегі құрметті шахтер.

«Әке көрген оқ жонар» де-

гендей әкесінің қызметіне адал және үлкен жауапкершілікпен қарайтынын көріп өскен Жансая, осы салаға бала кезінен қызығып, келешегін осы саламен байланыстырады. 2010 жылы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Энергетика» факультетінің, «Электр энергетикасы» мамандығына грантқа түсіп 2014 жылы оқуды аяқтап еңбек жолын бастады.

Туған қаласында «Арселор-МитталТеміртау» АҚ тау-кен өндірісінде еңбек жолын «оқушы» болып бастады. Алғашқы еңбек жылдарын қарапайым жұмысшы ретінде бастаған Жансая Рамазанұлы тәжірибе жинап, тау-кен өндірістің қыр-сырымен танысады. Өзінің еңбекқорлығымен, табандылығының арқасында қиындықтарға қарамастан, ісіне беріле білген адам болғандықтан алға озып, көзге түсіп, биік шыңдарды бағындыра бастады. Қазіргі таңда учаске басшысы лауазымын адал абыроймен атқарып, кәсіпорынға 13 жыл өз үлесін қосуда.

Қазіргі таңда кейіпкеріміз ата-анасына қамқор ұл, бауырларына арқасүйер аға, жан жарына сүйікті жар, баласына асқар тау әке болып табылады.

2020 жылы өмірлік жары Ақмейірді кездестіріп шаңырақ көтеріп, Мұхтар есімді ұл тәрбиелеуде. Алғыр да ақылды Мұхтар әкесін мақтан тұтып, атадан әкеге жалғанған жолға бала күннен үлкен қызығушылықпен қарап өсуде. Жары Ақмейір қалалық әкімдікте қызмет атқарады.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, өнерден де спорттан да алшақ емес екендігін білдік. Бала кезінен футбол саласының шебері. Көрермен ретінде тамашалап қана қоймай ойнағанды да ерекше ұнатады. «МФС» Қаражал жастар футбол командасын құрып, қаламыздың жастарын осы спорт түріне баулып жүрген азамат. Команданың тренері әрі белсенді мүшесі болып, топпен бірлесе жұмыс істеу арқылы қаламыздағы спорттық рухты нығайтуға бар күш-жігерін салуда.

Қорытындылай айтатын болсақ, Жансая Рамазанұлы нағыз еңбек адамының жарқын бейнесі. «Еңбегімен ер сыйлы, өнімімен жер сыйлы» демекші, қазыналы мекеніміз Қаражалда ел игілігі үшін тер төгіп жүрген жандарды үлгі тұтып құрмет көрсету біздің міндетіміз.

Ақбота РАМАЗАН.

**Күн сайын көзге көрінбейтін, бірақ елдің тыныс-тіршілігі үшін аса маңызды жұмыстарды атқарып жүрген қарапайым еңбек иелері бар. Солардың бірі - «Жәйрем Болашақ» КМК-ның жөндеуші слесарі Ернар Адасов. Оның еңбек жолы - табандылықтың, бейімделудің және адал еңбектің жарқын үлгісі.**

## Адал еңбектің жарқын үлгісі

су желілерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету - үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін іс. Өз сөзінде:

– Жұмысымыз бескүндік болғанымен, апатты жағдайлар кез келген уақытта болуы мүмкін. Ондай кезде тәулік бойы еңбек етуге тура келеді. Су құбыры жарылса немесе кәріз бітелсе, оны дер кезінде қалпына келтіру біздің міндетіміз. Халыққа қажет істің нәтижесін көргенде, барлық шаршау ұмытылады, - деді шебер.

Кәсіпорында заманауи қондырғылармен қатар, бұрыннан қолданылып келе жатқан техникалар да бар. Солардың барлығының жарамды күйде жұмыс істеуіне үлес қосу Ернар секілді слесарьлардың кәсіби шеберлігінің айғағы.

Жас маманның қалыптасуына әріптестерінің де үлесі зор. Алғаш жұмысқа келгенде тәлім берген мекеме басшысының орынбасары



Асқарәлі Омаровтың, сол кездегі бригадир Рымғали Қосыбаевтың, сондай-ақ, Бекзат Жұмақожаев, Керім Түсіпов, Жанкелді Ахмолдин сынды тәжірибелі ағалардың ақыл-кеңесі оның маман ретінде қалыптасуына үлкен әсер етті. Ал

нағашысы Сәбит Тынышбековтың қолдауы жаңа ортаға тез бейімделіп, өз жолын табуына сеп болды.

Ернар тек қызметте ғана емес, отбасында да үлгілі азамат. 2019 жылы шаңырақ көтеріп, жұбайы Гүлдана Айдаралықызымен бірге

берекелі өмір сүріп келеді. Гүлдана – «Ажар» балабақшасының тәрбиешісі. Отбасында Әділет есімді ұлдары тәрбиеленуде.

Бос уақытында Ернар табиғат аясында демалып, балық аулағанды ұнатады. Сонымен қатар, спортты серік еткен ол волейбол және арқан тартыс бойынша Жәйрем кентінің намысын түрлі жарыстарда қорғап жүр.

Ернардың өмірлік ұстанымы да айқын: - Жұмыстың жаманы болмайды, ең бастысы - өз ісіңе адалдық пен құштарлық қажет. Жалқаулыққа жол бермеу - табыстың кілті, - дейді ол.

Бүгінде оның сүйікті жұмысы, ұйымшыл ұжымы, тұрақты табысы мен берекелі отбасы бар. Бұл оның маңдай тері мен табанды еңбегінің нәтижесі. Ернар Адасов өз ісіне берілген, елге қызмет етудің мәнін түсінетін, қарапайым еңбегімен қоғамға пайда әкеліп жүрген азамат. Осындай жандардың арқасында ауыл тіршілігі тоқтамай, ел еңсесі биік болып тұр.

– Өте салмақты, сабырлы, артық сөзі жоқ азамат. Өзіне жүктелген кез келген міндетті үлкен жауапкершілікпен орындайды. Қандай істі қолға алса да адал, айналасына үнемі көмегін аямайды. Өте еңбекқор жан, - дейді «Жәйрем Болашақ» КМК бастығының орынбасары Асқарәлі Омаров.

Қорытындылай келгенде, Ернар Адасов қарапайым еңбегімен үлкен істің тетігін ұстап жүрген, өз жұмысына адал әрі жауапкершілікті терең сезінетін азамат. Осындай еңбек адамдарының арқасында ауыл тіршілігі үзілмей, халықтың тұрмыс-тіршілігі тұрақты жалғасып келеді. Ұжымына қадірлі, ісіне мығым Ернар сынды мамандар ел дамуының негізі әрі нағыз еңбек адамының айқын үлгісі.

Теректі ШАФАТАЙ.

Ернар Азаматұлы 1998 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке жақын болып өскен ол мектепті бітірген соң Атырау сервис колледжіне түсіп, 2016 жылы «Аспаз» мамандығын игеріп шығады. Қолына диплом алған жас маман еліміздегі ірі өндірістік компаниялардың бірі - «Тенішевстрой» ЖШС бөлімшесіне жұмысқа орналасып, үш жыл бойы аспаз болып қызмет атқарады.

Алайда, өмір жолы оны мүлде басқа салаға жетеледі. Бөлімшенің қысқартылуына байланысты ол жаңа бағыт таңдауға мәжбүр болып, құрылыс саласына бет бұрады. Шымкент қаласында еңбек етіп, тәжірибе жинақтаған бұл кезең Ернар үшін үлкен шыңдалу мектебі болды.

2023 жылы нағашысының шақыруымен Жәйрем кентіне келіп, осында тұрақтап қалуға шешім қабылдайды. Бұл оның өміріндегі жаңа белес еді. Бүгінде ол «Жәйрем Болашақ» КМК-да жөндеуші слесарь болып еңбек етеді. Жауапты да маңызды қызмет атқарып жүрген ол кейде шебердің міндетін де қатар алып жүреді.

Ернардың күнделікті өңбегі - халықтың жайлы өмір сүруінің кепілі. Кәріз жүйесі мен ауыз-



## Имандылық иірімдері

*Құрбан айт - мұсылман әлеміндегі ең ұлық, қадірлі мерекелердің бірі. Ол - тек діни мейрам ғана емес, сонымен қатар, мейірім мен қайырымдылықтың, бауырмалдық пен татулықтың, кешірім мен кең пейілділіктің айқын көрінісі. Сондықтан, ислам дінін ұстанған әрбір адам үшін бұл мерекенің орны ерекше. Құрбан айтқа дайындық та өзгеше мәнге ие: жамағат бірнеше күн бұрын үйлерін тазалап, рухани тұрғыда да дайындалады.*

Биылғы жылы Жәйрем кентінде Құрбан айт мерекесі ерекше көңіл-күймен қарсы алынды. Таңсәриден мешітке жиналған жамағаттың жүзінен қуаныш пен ризашылық сезімі айқын байқалды. Берекесі мен шапағаты мол бұл қасиетті күні мешітке бас имам Марғұллан Балтабайұлы жамағатқа тағылымды уағыз айтып, Құрбан айттың мәні мен маңызына кеңінен тоқталды. Сонымен қатар, барша жамағатты мерекемен құттықтап, ел тыныштығы мен амандығын тіледі.

Таң намазынан кейін мешіт алаңы нағыз мерекелік орталыққа айналды. Жүздері жадыраған Жәйрем тұрғындары бір-бірін айтпен құттықтап, ізгі тілектерін арнады. Осы сәттен бастап «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен және «Жәйрем Спорт клубы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен ауқымды спорттық сайыстар бастау алды. Бұл шара жай ғана жарыс емес, халықтың бірлігін арттыратын, қуанышын еселейтін маңызды оқиға болды.

Ұйымдастырылған спорттық шараның басты мақсаты – еңбек ұжымдары мен олардың отбасылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу болды. Бағдарлама мазмұны өте бай әрі жан-жақты қамтылып, барлық жас ерекшеліктерін ескерген түрде жоспарланды.

Ересектер арасында өткен

# Қасиетті Құрбан айт мейрамы тойланды



сайыстар тартысты да қызықты өтті. Атап айтқанда, арқан тартыс, таяқ тарту, садақ ату, ұзындыққа секіру және қолды бүгіп-жазу секілді спорт түрлері бойынша қатысушылар өзара бақ сынасты. Әрбір сайыста шынайы бәсеке, жігер мен табандылық анық байқалып, қатысушылар тек күш сынасып қана қоймай, өзара сыйластық пен әділдіктің үлгісін көрсетті. Көрермендер де әрбір жарысты бейжай қалдырмай, өз командаларына қолдау білдіріп отырды.

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы жарыстар ерекше қызықты әрі әсерлі болды. Жас спортшылар қазақ халқының ұлттық мұраларын жаңғыртқан «Қазақ күресі», асық ату және қол күресі секілді спорт түрлерінде өз шеберліктерін көрсетті. Әсіресе, бозкілемдегі қазақ күресі жас балуандардың намысын жанып, олардың батылдығы мен қайсарлығын айқындады. Әр белдесу көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, ұлттық спорттың беделін арттыра түсті. Ал асық

ату сайысы балалардың ерекше қызығушылығын оятып, дәстүрлі ойындардың маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

Жарыстың ең әсерлі кезеңдерінің бірі - арқан тартыс сайысы болды. Бұл сайыс барысында командалардың ұйымшылдығы, бірлікпен әрекет етуі және жеңіске деген ұмтылысы айқын көрінді. Жанкүйерлердің қолдауы жарысқа ерекше қызу сипат беріп,

атмосфераны одан сайын жандандыра түсті. Жалпы алғанда, бұл жарыстар тек спорттық бәсеке емес, достық пен ынтымақтастықтың көрінісіне айналды.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік өнер көрсеткен қатысушылар анықталып, олардың еңбегі жоғары бағаланды. Ұзындыққа секіруден Әлішер Айтмұнбетов жеңімпаз атанса, асық атудан Ақкербез Жүсіпбек топ жарды. Қазақ күресі бойынша әр салмақ дәрежесінде Жанғали Тоғай, Мұхаммет Жайдар және Әсет Құдайберген жеңіске жетті. Қолды бүгіп-жазу сайысында Қайыржан Жанабаев үздік нәтиже көрсетті. Садақ атудан Ерқанат Еркінұлы мергендігімен ерекшеленсе, қол күресте Ераслан Мұрат қарсыластарынан басым түсті. Арқан тартыста «Сабыр» командасы жеңіске жетіп, ұйымшылдығының арқасында бірінші орынды иеленді. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен қатар, мереке аясында «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Басқарма төрағасы екі дөңгелекті көлік жүргізушілеріне мотоцикл шлемдерін сыйға тартты. Бұл – тұрғындардың қауіпсіздігіне және олардың өміріне деген қамқорлықтың нақты көрінісі.

Құрбан айттың басты мәні - тек қуану емес, сонымен қатар, мұқтаж жандарға көмек көрсету. Осы орайда мереке соңында әлеуметтік тұрғыдан аз



қамтылған отбасыларға азық-түлік пен құрбандық еті таратылды. Бұл игі шара Құрбан айттың рухани мәнін тереңдетіп, қайырымдылық пен жанашырлықтың нақты үлгісін көрсетті.

Жалпы алғанда, Құрбан айт - адамдарды мейірімділікке, қайырымдылыққа, кешірімділікке үндейтін, қоғамдағы татулық пен бірлікті нығайтатын ерекше мейрам. Осындай қасиетті күні ұйымдастырылған спорттық шара оның мазмұнын байытып, халықтың рухын көтерді.

Жәйремде өткен бұл айтулы мереке тағы бір мәрте спорт тек жарыс емес, ол адамдарды біріктіретін, достықты нығайтатын, қоғамның тұтастығын сақтайтын үлкен күш. Мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табатыны сөзсіз, өйткені, олар салауатты, біртұтас әрі рухы биік қоғам қалыптастыруға қызмет етеді.

Теректі ШАҒАТАЙ.

Қоғам. Адам. Заң.

## Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс – қоғам болашағына төнген қауіп

**Кәмелетке толмағандар мемлекетіміздің ертеңі, елдің болашағы. Сондықтан, жасөспірімдердің тәрбиесі, құқықтық санасы мен тәртібі әрбір қоғам үшін маңызды мәселе болып табылады. Соңғы жылдары кәмелетке толмағандар арасында қылмыстық құқық бұзушылықтың артуы қоғамда алаңдатушылық туғызуда. Бұл мәселе тек құқық қорғау органдарының ғана емес, ата-аналардың, білім беру мекемелерінің және тұтас қоғамның назарын талап етеді.**



Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының деректеріне сәйкес соңғы жылдары жасөспірімдер арасында жасалатын құқық бұзушылықтардың сипаты өзгеріп, олардың қоғамдық қауіптілігі артып келеді. Өсіресе, ұрлық, тонау, бұзақылық, болсаула және интернет арқылы жасалатын құқық бұзушылықтар жиілеген. Сол себепті, қазіргі таңда мемлекет тарапынан аталған әлеуметтік мәселеге үлкен көңіл бөлінуде. Заңнамалық база жетілдіріліп, кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін институционалдық құрылымдар құрылуда, кәмелетке толмағандарды қолдау және олардың жұмыспен қамтылуы саласындағы ең өзекті мәселелерді шешу бойынша бағдарламалар қабылдануда. Дегенмен, шешім талап ететін бірқатар өзекті мәселелер әлі де бар.

Облыстың жалпы және

кәсіптік білім беру саласы мынадай көрсеткіштермен сипатталады. Мектептегі білім беру: өңір аумағында 2025-2026 оқу жылында жалпы контингенті 41 671 оқушыны құрайтын 87 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Мектептердің басым көпшілігі (86) – мемлекеттік, 1-еуі – жекеменшік. Оқушылар саны бойынша ірі оқу орталықтары Жезқазған (17 832 адам) және Сәтбаев (12 174 адам) қалалары болып табылады.

Сондай-ақ, мектептер Қаражал (3 544 адам), Жаңаарқа (6 341 адам) және Ұлытау (1 780 адам) аудандарында жұмыс істейді.

Орта кәсіптік білім: орта кәсіптік білім беру жүйесін 5993 студенті бар 15 колледж ұсынады. Оның ішінде 11 колледж - мемлекеттік, 4 - жекеменшік.

2026 жылдың 4 айында облыс бойынша жасөспірімдермен жасалған қылмыстардың Жезқазған, Сәтпаев қалаларында және Жаңаарқа ауданында өскендігі байқалды.

Қылмыстардың негізгі бөлігін 93,3%, 16-17 жастағы кәмелетке толмағандар 6,7% 14-15 жастағылармен жасалған.

Негізгі үлес кәсіптік-техникалық мектептердің, колледждердің оқушыларына тиесілі, бұл қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың жалпы санының

жартысынан көбін құрайды.

Осылайша, құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жас құрамы кәмелетке толмағандардың ересек тобына ауысқан.

Сонымен қатар, жыл басынан бері 23 кәмелетке толмағандар бейімдеу орталығына жеткізіліп, орналастырылған және студенттер арасында 6 бейресми көшбасшы анықталып, есепке алынған.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді.

Ең алдымен, отбасындағы тәрбиенің әлсіреуі, отбасылық жанжалдар, әлеуметтік қиындықтар жасөспірім психологиясына кері әсер етеді.

Жалпы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар – қоғам үшін маңызды әрі күрделі мәселе. Онымен күресу тек жазалау шараларымен шектелмеуі керек.

Ең бастысы – құқық бұзушылықтың алдын алу, жастарға дұрыс тәрбие беру және олардың қоғамда орын табуына жағдай жасау болып табылады. Себебі, тәрбиелі, білімді және саналы жас ұрпақ - елдің жарқын болашағының кепілі.

ҚР БП ҚСЖАЕК-нің  
Ұлытау облысы бойынша  
Департаменті.

Оқырман назарына

### «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидасы

Мемлекеттік қызметті көрсету қағидасы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығымен бекітілді (19 қазан 2021 жылы өзгеріс енгізілді).

Осы бекітілген қағида бойынша «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметіне өтініш қабылдау және оның нәтижесін алу: қызмет берушінің канцеляриясы арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік Корпорациясы, яғни, Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы және «Электрондық үкімет» веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) арқылы іске асырылады.

Әлеуметтік құқықтық сипаттағы келесі мәліметтерді: жұмыс өтілін, жалақы мөлшерін, білімін, марапатталғанын, зейнетақы журналдары мен әлеуметтік төлемдердің аударылуын, ғылыми дәрежелер мен атақтардың берілуін, жеке меншік құқығы, сот шешімдері, нотариалдық құжаттар туралы архивтік анықтама, архивтік құжаттардан куәландырылған архивтік көшірмесі, архивтік үзінділер беру мемлекеттік қызметі ақысыз түрде жеке және заңды тұлғаларға 11 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Осыған орай, Қаражал қаласының архивінде қызметалушылар электронды анықтамаларды ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) көмегімен алулары үшін «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орнатылған.

«Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» арқылы қызметалушылар Қаражал қаласының архивіне келіп өз өтініштерін Қазақстанның кез келген мемлекеттік архивтеріне жібере алады.

Осы қызметті үйден шықпай-ақ «Электрондық үкімет» веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) арқылы алуға болады, ол үшін электронды цифрлық қолтаңбаңыз болуы тиіс, [www.egov.kz](http://www.egov.kz) порталы арқылы өтініш беру барысында қандай да бір сұрақ туындаған жағдайда Қаражал қаласының мемлекеттік архивінің 2-68-16 жұмыс телефонына хабарласа аласыздар.

Күнзияш НАУКЕНОВА,  
«Қаражал қаласының мемлекеттік архиві» КММ  
архивісі.

К сведению

### Правила оказания государственной услуги «Выдача архивных справок, копий архивных документов или архивных выписок»

Приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 29 мая 2020 года за № 159 утверждены Правила оказания государственных услуг в области архивного дела (изменение на 19 октября 2021г)

Согласно Правил оказания государственных услуг прием заявлений и выдача результата оказания государственной услуги «Выдача архивных справок, копий архивных документов или архивных выписок» осуществляется через:

1. канцелярию услугодателя;
2. НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан»;
3. веб-портал электронного правительства [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (далее портал).

Государственная услуга оказывается на бесплатной основе физическим и юридическим лицам на основании архивных документов по вопросам тематического и социально-правового характера: подтверждение трудового стажа и размера заработной платы, образования, награждения государственными и ведомственными наградами, перечисления пенсионных взносов и социальных отчислений, имущества прав, выдача

копий решений суда, исполкома, постановлений акимата и нотариальных документов.

Срок оказания государственной услуги - 11 рабочих дней.

Целями государственной программы «Цифровой Казахстан» является улучшение качества жизни населения за счет использования цифровых технологий. В связи с этим в Государственном архиве города Каражал установлен «Уголок самообслуживания», где услугополучатели могут отправлять свои заявления в любой государственный архив Республики Казахстан и получать ответы с помощью ЭЦП (электронно-цифровая подпись).

Также данную услугу можно получить, не выходя из дома - через портал электронного правительства [www.egov.kz](http://www.egov.kz) с помощью ЭЦП.

В случае возникновения вопросов в процессе подачи заявления и касательно получения электронной архивной справки Вы можете позвонить в Государственный архив города Каражал по номеру: 2-68-16.

Кунзияш НАУКЕНОВА,  
архивист  
КГУ «Государственный архив города Каражал».

## Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру

**Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның адамгершілік, зияткерлік және мәдени дамуын қамтамасыз ету, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, парасаттылық пен адалдық құндылықтарын дәріптеу және қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін арттыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.**

Сонымен қатар, «Адал азамат» қағидаттарына сай кәсіби әрі жауапты болу – әрбір адамның қоғам алдындағы маңызды борышы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тек жазалау шараларымен ғана шектелмейді. Бұл бағыттағы ең

тиімді жол – алдын алу жұмыстарын күшейтіп, қоғам санасын өзгерту, жастардың бойына адалдық пен әділдік құндылықтарын сіңіру.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуына кері әсер етіп, халықтың сенімін әлсіретеді. Сондықтан, оған қарсы күрес әр

азаматтың саналы ұстанымынан басталуы қажет. Өсіресе, жастар арасында адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын дәріптеу – болашақта жемқорлықсыз қоғам қалыптастырудың маңызды қадамы.

Қоғамда ашықтық пен әділдік орныққан кезде ғана сенім мен тұрақтылық нығаяды. Сол себепті әр адам заң мен тәртіпті құрметтеп, қоғам алдындағы жауапкершілікті терең сезінуі тиіс.

ҚР БП ҚСЖАЕК-нің  
Ұлытау облысы бойынша  
Департаменті.

## Жастар саясаты

Жаз мезгілі – балалар мен жастар үшін демалыс қана емес, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, еңбекке баулудың маңызды кезеңі. Осы бағытта Қаражал қаласында «Жасыл Ел» бағдарламасы аясында бірқатар игі жұмыстар атқарылуда. Жоба жастарды еңбекке тәрбиелеумен қатар, туған жерді көркейтуге, қоғамдық белсенділікті арттыруға және қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаның жүзеге асырылуы жөнінде «Қаражал қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Шыңғыс Сағындықпен сұхбаттасқан едік.

– Шыңғыс Әбілқасымұлы, биылғы жазғы маусымда жастардың бос уақытын ұйымдастыру бағытында қандай жұмыстар қолға алынды?

– Биыл «Қаражал қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ-нің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында және «Nurlu jurek ordasy» мүгедектердің қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жасыл Ел» бағдарламасы жүзеге

## Жастардың жазғы демалысы – пайдалы еңбек пен тәрбиенің мектебі



асырылуда. Бағдарлама арқылы Қаражал қаласы, Жәйрем және Ақтай кенттерінде барлығы 165 жас жұмыспен қамтылды. Негізгі мақсатымыз – жастардың жазғы демалысын тиімді өткізуіне жағдай жасап, оларды еңбекке баулу және қоғамға пайдалы іске тарту.

Жастар көгалдандыру, тазалық жұмыстары, қоғамдық орындарды абаттандыру бағыттарында еңбек етуде. Сонымен қатар, мәде-

ни-көпшілік және спорттық іс-шараларға белсенді қатысып келеді.

– Бағдарламаға қатысатын жастар қалай іріктелді? Әлеуметтік қолдау мәселесі қалай қарастырылған?

– Жобаға 14 пен 35 жас аралығындағы жастар ата-анасының рұқсатымен және өз еркімен қабылданады. Қазіргі таңда аз қамтылған, көпбалалы, толық емес және атаулы әлеуметтік көмек

алатын отбасылардан шыққан жастарға басымдық берілуде. Бұл бағыттағы бос жұмыс орындары бойынша өтінімдер «Enbek.kz» порталы арқылы жолданды.

Жұмыс уақыты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген. 14-16 жас аралығындағы сарбаздар күніне 4 сағат, 16-18 жас аралығындағы жастар 6 сағат, ал 18-35 жас аралығындағы қатысушылар 8 сағат еңбек етеді. Еңбекақы мөлшері де жас ерекшелігіне қарай төленеді. Кіші топтағы жастарға 85 мың теңге, жоғары топтағы жастарға 127 мың теңге қарастырылған. Оған міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік төлемдер енгізілген.

– Жастардың еңбек ету барысында қауіпсіздігіне қаншалықты көңіл бөлінеді?

– Бұл – басты назардағы мәселе. Жасақ қатысушылары зиянды немесе қауіпті жұмыстарға тартылмайды. Барлық жұмыс Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады. Қатысушылар арнайы киіммен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, қадағалаушы топ құрылып,

жұмыс барысы тұрақты бақылауда ұсталады. Жастардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бірінші орында болғандықтан, еңбек етуге қолайлы жағдай жасауға ерекше мән беріліп отыр.

– «Жасыл Ел» бағдарламасының тәрбиелік маңызы туралы не айтасыз?

– Бұл бағдарлама тек еңбек маусымы ғана емес, үлкен тәрбие мектебі деп айтуға болады. Жастар еңбек арқылы жауапкершілікке, тәртіпке, ұйымшылдыққа үйренеді. Сонымен қатар, үлкендерді құрметтеу, қоғаммен араласу, туған жерге жанашырлық таныту секілді құндылықтарды бойына сіңіреді.

Мәселен, айына екі рет өткізілетін «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы аясында сарбаздар қарттарға көмектесіп, тұрмыстық қолдау көрсетеді. Бұдан бөлек, мотивациялық семинарлар, спорттық жарыстар, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Жазғы маусым соңында белсенді жастар марапатталып, жабылу салтанаты өткізіледі.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан  
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

## Имандылық иірімдері

Құрбан айт — күллі мұсылман үмбеті үшін ізгілік пен берекенің, ауызбіршілік пен шынайы мейірімділіктің ұлы мерекесі. Жүректерге иман ұялатып, бауырластық сезімді асқақтататын бұл қасиетті күн биыл Қаражал қаласында ерекше сән-салтанатпен, кең көлемде атап өтілді. Таң шапағымен басталған ұлық мейрам қала тұрғындарына рухани серпіліс пен ұмытылмас қуаныш сыйлады. Қаражалдықтар үшін айттың таңы сауапты амалдармен атып, қалалық мешітте жамағаттың қатысуымен Айт намазы оқылды, елдің тыныштығы мен берекесі үшін қасиетті дұғалар жасалды.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Мерекелік шараның шымылдығын ашқан қалалық мешіттің бас имамы Талғат Советов барша жамағатты қасиетті мейраммен жылы құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Бас имам өз сөзінде Құрбан айттың

## Ұлық мереке, ұлттық дәстүр және берекелі бірлік

мұсылман қауымы үшін маңыздылығына ерекше тоқталып, бұл күннің қоғамдағы ауызбіршілікті арттырып, мейірімділік пен қайырымдылықты нығайтудағы орны бөлек екенін атап өтті және ел игілігі үшін ақ батасын берді. Қаланың ардақты ардагерлері мен ақсақалдары да жастарға тағылымды өсиеттерін айтып, ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдірді.

Намаздан соң мешітке жиналған қауымға кеңінен ақ дастарқан жайылып, ыстық «Айт шайы» ұсынылды. Осыдан кейін мерекенің ең қызықты және белсенді бөлімі — мәдени-спорттық іс-шаралардың шымылдығы түрілді. Айт аясында ұйымдастырылған ұлттық спорттық жарыстар қала тұрғындарының делебесін қоздырып, нағыз тартысты, қызу сәттерге ұласты.

Мергендік пен төзімділікті, көз ілместікті талап ететін садақ ату сайысы көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды. Қолы мәрттікпес сұрмергендер арасынан суырылып шығып, I орынды



Ерғұлан Сембек, II орынды Насим Уқотов, ал III орынды Арман Камзин қанжығасына байлады.

Ұлттық құндылығымызды ұлықтаған асық ату ойынында да нағыз жүйріктер мен ептілер анықталды. Сақасы алшысынан түскен шеберлер арасында I орынды Рымғажы аға, II орынды Нұртілеу, III орынды Тәттібай аға иеленіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бірлік пен топтық намысты алға қойған, жігіттердің күшін сынайтын арқан тартыс сайысы да өте тар-

тысты өтті. Қаржылай жүлделерді өзара бөліскен жұымдар арасында мықтылығымен көзге түсіп, I орынды «Арлан» тобы, II орынды «Сабыр» тобы, ал III орынды «Жастар құрамасы» иемденді. Мерекенің ең қызған және жанкүйерлердің ерекше қолдауына ие болған думанды сәті — бас жүлдесіне қошқар тігілген қошқар көтеру сайысы болды. Бұл сын белдесуінде нағыз білек күшін, төзімділікті мен қайраттылықты көрсетіп, қошқарды тапжылмай 90 рет көтерген Қайрат

Хамзин жарыстың абсолютті чемпионы атанып, бас жүлдені үйіне өңгеріп қайтты.

Спорттық ойындармен қатар, қалалық мешіттің әйелдер жамағатының ұйымдастыруымен берекелі қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Ақ жаулықты аналар мен қыз-келіншектер өз қолдарынан шыққан дәмді пісірмелер мен хош иісті ұлттық тағамдарды жұртшылыққа ұсынып, мерекелік дастарқанның сәні мен ажарын келтірді. Жәрмеңкеден түскен қаражат игі істерге бағытталды.

Бұл күннің басты сипаты болған ауқымды қайырымдылық шаралары аясында жалғызбасты қарттарға, көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арнайы құрбандық еттері таратылып, мұқтаж жандардың жүрегіне қуаныш пен жылулық ұялады. Сондай-ақ, мерекеде кішкентай бүлдіршіндер де назардан тыс қалмаған еді. Балаларға «айттық» ретінде түрлі тәтті сыйлықтар үлестіріліп, олардың балғын жүздеріне күлкі сыйлады.

Қаражал қаласында өткен бұл тағылымды шара тек мал шалып, дұға қылатын күн ғана емес, сонымен бірге, ұлттық дәстүрді жаңғыртқан, халықтың басын біріктіріп, елдің бірлігі мен ынтымағын бекемдеген үлкен рухани тойға, ұмытылмас мерекеге айналды.

Директор  
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Бас редактор  
Асель КУРБАЛОСОВА  
Техникалық редактор  
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы  
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1  
Тел: 2-61-02, k\_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674  
KZ 4060171700000329  
БИК HSBKZKX AO «Halyk bank»  
Код Кбе 18  
Газет сенбі сайын шығады  
Көлемі 2 б/т  
Индекс 200122  
Таралымы 1000  
Тапсырыс 20

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.  
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.  
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.  
Мақала авторларға қайтарылмайды.  
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.